



NAZARBAYEV
UNIVERSITY

**«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Медицина мектебінің
«Мейірбике ісі саласындағы ғылым магистрі» бағдарламасы бойынша
оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері**

Санаты: Қағидалар

Бекітіліген күні: 03.06.2025

Күшіне енген күні: 03.06.2025

Қолжетімділік деңгейі: Ашық
қолжетімділік

Сыныптауыш бойынша нөмірі: 2.8
SMED

Бекітуші орган: Провост

Тіркеу нөмірі: 73-н/қ

Иесі: Медицина мектебі

Қайта қарау күні: 05.06.2028

Қолданылуы: Назарбаев Университеті

Күші жойылған құжаттар:

Атауы:

Күні:

Тіркеу нөмірі:

Бекітуші орган:



1-бөлім. Мақсаты және қолданылуы

1.1. Осы «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Медицина мектебінің «Мейірбике ісі саласындағы ғылым магистрі» бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) қабылдау қағидалары мен рәсімдері (бұдан әрі – Қағидалар мен рәсімдер) қабылдау процесінде басқару және талаптарды сақтау саясаты мен рәсімдерін белгілейді.

1.2. Осы Қағидалар мен рәсімдер «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының (бұдан әрі – Университет) Медицина мектебіне және Бағдарламаға құжаттар тапсыратын талапкерлерге қолданылады.

2-бөлім. Терминдер / Анықтамалар

2.1. Осы Қағидалар мен рәсімдерде пайдаланылатын негізгі анықтамалар мен аббревиатуралар:

1) **Студенттерді оқуға қабылдау офисі** – осы бағдарламаны қоса алғанда, Foundation, бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламаларына қабылдау процесін үйлестіруге жауапты Университеттің құрылымдық бөлімшесі;

2) **Үміткер** – іріктеуге қатысатын Қазақстан Республикасының азаматы, шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ тұлға;

3) **Өтінім** – талапкер магистратура бағдарламаларына түсу үшін толтыратын, жеке кабинетте орналастырылған нысан;

4) **Шартты түрде қабылдау/түсу** – қабылдау кезеңінде Мектептің Қабылдау комиссиясының шешімімен және оқуға алу кезеңінде Провосттың шешімімен айқындалған шарттармен талапкерлерді бағдарламаға қабылдау/түсу түрі;

5) **Оқуға қабылдауды растау нысаны** – бағдарламаға қабылдау/бағдарламаға қабылданғандар тізімінен алып тастау үшін негіз болып табылатын Университет бағдарламасына қабылдау туралы хабарлама алғаннан кейін талапкер толтыратын нысан; 6) **Талапкерлерге қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары (ЕТҚТ)** – Университетке түсу мүмкіндігіне ие болу үшін талапкерлер сәйкес келуі тиіс критерийлер;

7) **Мектеп негізіндегі қабылдау комиссиясы (МНҚК)** – бағдарламаға талапкерлерді іріктеу үшін Медицина мектебінде құрылған комиссия;

8) **Жеке кабинет** – өтінім беру үшін Университеттің admissions.nu.edu.kz сайтында жеке кеңістік ұсынатын онлайн-сервис;

9) **Мектеп** – Университеттің Медицина мектебі;

10) **Тест тапсыру туралы сертификат** – бағдарлама талаптарына сәйкес Университетке түсу үшін қажетті стандартталған халықаралық тест нәтижелері;

11) **Қабылдау кестесі** – қаржыландырудың әртүрлі түрлеріне өтінім беру мерзімдерін және процеске жауапты бөлімшелерді/тұлғаларды қоса алғанда, қабылдау процесінің кезеңдерін хронологиялық тәртіпте дәйекті түрде ұсыну.

2.2. Осы Қағидалар мен рәсімдерде пайдаланылмайтын терминдер мен анықтамалар Университеттің ішкі құжаттарымен айқындалады.

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Медицина мектебінің «Мейірбике ісі саласындағы ғылым магистрі» бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері



2.3. Мектеп бағдарламаға құжаттарды тапсыратын барлық студенттерді қабылдау процесінде осы Қағидалар мен рәсімдерді басшылыққа алуға міндетті.

3-бөлім. Негізгі ережелер

3.1. Талапкерлерге қойылатын ең төменгі талаптар

3.1.1. Бағдарламаға түсу осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.4.18 және 3.4.19-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, конкурстық негізде жүзеге асырылады. 3.1.2. Бағдарламаға түсуге іріктеуге қатысу үшін барлық талапкерлер осы Қағидалар мен рәсімдердің ережелеріне сәйкес болуы тиіс. 3.1.3. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын талапкерлер, сондай-ақ қазақ немесе орыс тілін меңгерген талапкерлер мынадай ЕТҚТ-ға сәйкес келуге тиіс:

1) мейірбике ісі академиялық бакалавриат бағдарламасының (немесе баламасының) түлектері; немесе мейірбике ісі бакалавриатының (немесе баламасының) соңғы курс студенттері. Өтініш беру кезеңінде соңғы курс студенттері қарау үшін ресми қолданыстағы транскрипттерді ұсына алады; немесе мейірбике ісі бағдарламаларында оқытушылық тәжірибесі бар немесе кемінде 1 жыл мейірбике/мейіргер ретінде жұмыс істеген (тек Қазақстан азаматтары үшін) «Медицина докторы» (немесе баламасы) бағдарламасының түлектері. Мейірбике ісінің кез келген саласында кемінде 1 (бір) жыл жұмыс өтілінің (мысалы, мейірбике ісі бағдарламасында сабақ беру немесе ауруханада мейірбике/мейіргер ретінде жұмыс істеу) ресми растауы талап етіледі; 2) бакалавриат бағдарламасы бойынша ең төменгі CGPA 4.00-ден 2.50 (немесе баламасы).

3) Қазақстанда немесе тұратын елінде мейірбикелік қызметті жүргізу құқығын растайтын құжат (мысалы, мейірбике ісі бойынша маман сертификаты, мейірбикелік практика жүзеге асыру лицензиясы, еңбек кітапшасы). Бұл құжат қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде ұсынылуы мүмкін. Бұл талап «Медицина докторы» (немесе баламасы) бағдарламасын аяқтаған талапкерлерге қолданылмайды;

4) болжамды практика саласындағы ықтимал зерттеу мәселесін қоса алғанда, бағдарлама бойынша магистратурада оқу мақсаттары туралы жеке өтініш. Құжат қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде ұсынылуы мүмкін;

5) қазақ, орыс немесе ағылшын тіліндегі екі ресми ұсыным хат. Оның біреуін талапкердің жұмыс берушісі ұсынуы қажет;

6) сұхбат барысында тексерілетін қазақ, орыс немесе ағылшын тілін меңгеру деңгейін растайтын құжат.

3.1.4. Қазақ немесе орыс тілін меңгермеген шетелдік азаматтар немесе азаматтығы жоқ талапкерлер мынадай ЕТҚТ талаптарына сәйкес келуі тиіс:

1) мейірбике ісі академиялық бакалавриат бағдарламасының (немесе баламасының) түлектері; немесе мейірбике ісі бакалавриатының (немесе баламасының) соңғы курс студенттері. Өтініш беру кезеңінде соңғы курс студенттері қарау үшін ресми қолданыстағы транскрипттерді ұсына алады;

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Медицина мектебінің «Мейірбике ісі саласындағы ғылым магистрі» бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері



2) бакалавриат бағдарламасы бойынша ең төменгі CGPA 4.00-ден 2.50 (немесе баламасы);

3) ағылшын тілін меңгеру деңгейіне қойылатын ең төменгі талаптар:

IELTS бойынша жалпы балы кемінде 6.0 (бұл ретте жазбаша бөлім бойынша кемінде 6.0, қалған бөлімдер бойынша кемінде 5.5); немесе ETS сайтында жарияланған TOEFL тестінің эквивалентті нәтижесі (home edition нұсқасынан басқа);

Талапкерлер МНҚК шешімі бойынша мынадай жағдайларда ағылшын тілін меңгеру сертификатын ұсынудан босатылуы мүмкін:

бұрын алынған академиялық дәрежелердің бірі ағылшын немесе орыс тілі ресми қарым-қатынас, оқыту және күнделікті өмір тілі болып табылатын елде алынған болса (сұхбат барысында орыс немесе ағылшын тілін меңгеру деңгейі расталуы тиіс);

бакалавр немесе магистр дәрежесі ресми түрде ағылшын немесе орыс тілінде жүргізілетін бағдарлама аясында алынған болса (сұхбат барысында орыс немесе ағылшын тілін меңгеру деңгейі расталуы тиіс). Барлық пәндердің кем дегенде 70%-ы ағылшын немесе орыс тілдерінде оқытылуы керек, егер оқыту басқа тілдерде жүргізілсе, университет оны ресми түрде растауы керек;

талапкер Назарбаев Университетінің түлегі болса;

4) тұрғылықты елінде мейірбикелік қызметті жүзеге асыру құқығын растайтын құжат (мысалы, қолданыстағы мейірбикелік практиканы жүзеге асыру лицензиясы);

5) болжамды практика саласындағы зерттеудің ықтимал мәселесін қоса алғанда, ағылшын тіліндегі бағдарлама бойынша магистратурада оқу мақсаттары туралы жеке өтініш;

6) ағылшын тіліндегі екі ресми ұсыным хат.

3.1.5. Талапкерлердің кредиттерін аудару Университеттің Магистратура және докторантура бағдарламаларының академиялық қағидалары мен рәсімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

3.1.6. Талапкерлерді қайта қабылдау Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

3.1.7. Академиялық және кәсіптік дайындықтың сәйкестігін, бұрын алынған дәрежелердің эквиваленттілігі мен өзектілігін МНҚК анықтайды.

3.2. Мектеп негізіндегі қабылдау комиссиясы (МНҚК)

3.2.1. МНҚК ОПҚ мүшелерінен тұрады және сыртқы сарапшыларды және/немесе стратегиялық серіктестің өкілін қамтуы мүмкін.

3.2.2. Дауыс беру құқығы бар МНҚК мүшелерінің жалпы саны 5 (бестен) кем болмауы керек.

3.2.3. Төрағаны қоса алғанда, МНҚК-ның құрамы, сондай-ақ МНҚК хатшысын тағайындау Провосттың немесе оның уәкілетті өкілінің шешімімен бекітіледі. МНҚК мен хатшының қызметін МНҚК төрағасы үйлестіреді.

3.2.4. МНҚК-ның вице-төрағасы болуы мүмкін. Төраға болмаған жағдайда оның өкілеттігін вице-төраға орындайды.

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Медицина мектебінің «Мейірбике ісі саласындағы ғылым магистрі» бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері



3.2.5. Дауыс беру құқығы бар мүшелерден басқа МНҚК-ның құрамына дауыс беру құқығы жоқ мүшелер кіруі мүмкін.

3.2.6. Әдістеме (іріктеу критерийлері) іріктеу процесінде әділ қолданылуы және тиісті академиялық жылдағы МНҚК-ның алғашқы отырысының хаттамасына қоса берілуі тиіс.

3.2.7. МНҚК өтінімдерді қарауға, талапкерлерді бағалауға және оқуға қабылдау алу туралы шешім қабылдау бойынша ұсыныстар беруге құқылы.

МНҚК мүшелері мүдделер қақтығысы мен құпиялылыққа қатысты Университеттің ішкі құжаттарымен танысып, оларды сақтауы керек.

3.2.8. МНҚК мүшелері осы Қағидалар мен рәсімдерге сәйкес қабылдау рәсімдерін орындауға, сондай-ақ ЕТҚТ ережелерін сақтауға жауапты.

3.2.9. Талапкердің құжаттар пакетін бағалайтын және сұхбат жүргізетін МНҚК мүшелерінің саны әдістемемен анықталады.

3.2.10. Сұхбат жеке немесе бейнеконференция форматында жүргізіледі. Қажет болған жағдайда МНҚК өзінің құрамына кірмейтін сұхбат алушыларды : Мектеп өкілдерін, Университет түлектерін, сыртқы сарапшыларды немесе стратегиялық серіктестің өкілдерін тағайындай алады.

Бір талапкерге тағайындалған сұхбат алушылардың саны кемінде 2 (екі) болуы тиіс.

3.2.11. МНҚК хатшысы Комиссияның мүшесі болып табылмайды және дауыс беруге құқығы жоқ. Хатшы болмаған жағдайда МНҚК төрағасы уақытша хатшының міндетін атқарушыны тағайындайды, бұл МНҚК отырысының хаттамасында көрсетіледі.

3.2.12. МНҚК хатшысы:

1) МНҚК отырыстарының хаттамаларында қамтылған ақпараттың дәлдігіне;

2) МНҚК қызметін үйлестіруге және оның отырыстарын ұйымдастыруға;

3) алдын ала іріктеуден өткен талапкерлерді сұхбатқа шақыруға;

4) МНҚК отырыстарының хаттамаларын жүргізуге;

5) МНҚК отырыстары хаттамаларының тілдік нұсқаларының сәйкестігін қамтамасыз етуге;

6) талапкерлердің құжаттар пакетін сақтауға;

7) сұхбат қорытындылары бойынша талапкерлерді бағалау нәтижелерін жүргізуге;

8) оқуға түсу мәселелері бойынша Студенттерді оқуға қабылдау офисімен тығыз өзара іс-қимыл жасауға;

9) МНҚК отырыстарының хаттамаларына қолдар жинауға және тіркеуге;

10) хаттамалар Университеттің Біріктірілген архивіне берілгенге дейін олардың сақталуын қамтамасыз етуге;

11) МНҚК және оның төрағасының тапсырмаларына сәйкес өзге де міндеттерді орындауға жауапты.

3.2.13. Бағдарлама бойынша МНҚК отырыстары қажеттілігіне қарай қабылдау кезеңінде дауыс беру құқығына ие МНҚК мүшелерінің қарапайым көпшілігі ретінде анықталатын кворум болған жағдайда жүзеге асырылады. .



3.2.14. МНҚК телефон конференциясы, бейнеконференция немесе басқа да интерактивті тәсілдер (қажет болған жағдайда) арқылы дауыс беріп, шешім қабылдай алады. Мұндай қатысу кворумды анықтау кезінде ескеріледі. Дауыс беру құқығына ие МНҚК мүшесінің интерактивті түрде қатысу тәсілі отырыс хаттамасында тіркеледі.

3.2.15. МНҚК шешімдері дауыс беруге қатысатын және кворумды анықтау кезінде ескерілетін комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда шешуші дауыс төрағаға тиесілі болады. 3.2.16. МНҚК шешімдері түпкілікті болып табылады және Университет отырыстарының хаттамаларын ресімдеуге қойылатын талаптарға сәйкес МНҚК хатшысымен отырыстың хаттамасында тіркеледі. МНҚК шешімдері шағымдануға жатпайды.

3.2.17. МНҚК отырысының хаттамасында барлық талапкерлерге қатысты шешім қабылдау процесі көрсетілуі тиіс.

3.2.18. МНҚК отырыстарының жұмыс тілі – ағылшын тілі. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі хаттамаларға МНҚК төрағасы мен хатшысы қол қояды.

3.2.19. МНҚК отырыстарының хаттамалары құпия болып табылады және үшінші тұлғаларға берілмейді және лауазымдық міндеттері шеңберінде Университет жұмыскерлерін қоспағанда, үшінші тұлғаларға берілмейді. 3.2.20. МНҚК отырыстарының барлық хаттамалары МНҚК хатшысы тарапынан тігілген, нөмірленген, сканерленген және қатты мұқабаға түптелген болуы тиіс және Университет Архивіне тапсырылуы қажет. Хатшы қол қойылған хаттамалардың сканерленген көшірмелерін Студенттерді оқуға қабылдау офисіне қабылдау жылының академиялық күнтізбесіне сәйкес оқу жылы басталғанға дейін ұсынуы тиіс.

3.3. Өтінім беру процесі

3.3.1. Қабылдау кезеңін, кезеңдердің санын және бағдарламаға түсуге байланысты барлық мерзімдерді Мектеп деканы немесе ол тағайындаған өкіл қызметтік жазба арқылы Студенттерді оқуға қабылдау офисінің келісімі бойынша қабылдау кестесінде белгілейді.

3.3.2. Бағдарламаға қабылдау талапкерлерді академиялық жетістіктері мен басқа да белгіленген бағалау критерийлері негізінде іріктеуді көздейтін, барлығына оқуға түсу үшін тең мүмкіндіктер беретін, сыртқы факторлардың әсерінсіз ең перспективалы және талантты студенттерді іріктеуді қамтамасыз ететін меритократия қағидатына негізделеді. Бағдарламаға түсетін әрбір талапкер жеке, әділ, жан-жақты және дәйекті түрде бағаланады.

3.3.3. Бағдарламаға конкурсқа қатысу үшін талапкерлер Университеттің қабылдау порталында (admissions.nu.edu.kz) өтінім береді және белгіленген мерзімге дейін жеке кабинетте мынадай әрекеттерді:

1) жеке деректерді өңдеуге келісім беруі, онлайн-өтінімді толтыруы және жүктеуі;

2) осы Қағидалар мен рәсімдерге қосымшаға сәйкес талап етілетін құжаттардың сканерленген (немесе электронды) көшірмелерін жүктеуі тиіс.

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Медицина мектебінің «Мейірбике ісі саласындағы ғылым магистрі» бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері



3.3.4. Университеттің ішкі құжаттарында көзделген спорттық жетістіктерге байланысты грант алу құқығына ие талапкерлер Студенттерді оқуға қабылдау офисі белгілеген мерзімде қосымша растайтын құжаттарды талап етілген форматта ұсынуы тиіс. Бұл құжаттарды ұсыну бағдарламаға түсуге немесе грант алуға кепілдік бермейді.

3.3.5. IELTS немесе TOEFL тестілеу сертификаттары Университетке тестілеу әкімшісі арқылы электронды форматта ұсынылуы тиіс, сондай-ақ олар сканерленген немесе электронды көшірмесімен қоса берілуі қажет (егер талапкер бұл талаптан босатылмаған болса). Егер IELTS немесе TOEFL нәтижелерін тестілеу әкімшісі арқылы ұсыну мүмкін болмаса, Студенттерді оқуға қабылдау офисі таныған сервистерден алынған цифрлық есептік деректерді пайдалана отырып, тексеру жүргізілуі мүмкін. 3.3.6. Талапкерлер бір оқу жылында Университеттің ең көп дегенде екі магистрлік бағдарламасына өтінім бере алады. Екі бағдарламаға да қабылданған жағдайда талапкер олардың біреуін ғана таңдауға міндетті.

3.3.7. МНҚК немесе Студенттерді оқуға қабылдау офисі қажеттілігіне қарай қосымша құжаттар немесе ақпарат сұратуы мүмкін.

3.3.8. Жеке кабинетте жалған және/немесе толық емес ақпаратты ұсыну талапкерді іріктеу процесінен шығаруға немесе Университетке оқуға алынған жағдайда оқудан шығаруға әкеп соғады. Жалған құжаттар ұсынған немесе тестілеу/сұхбат ережелерін бұзған талапкерлер іріктеу процесінен шеттетіледі немесе қабылданған жағдайда оқудан шығарылады, сондай-ақ болашақта Университеттің кез келген бағдарламасына кез келген деңгейде және кез келген қаржыландыру түріне өтінім беру құқығынан айырылады.

3.3.9. Құжаттардың толық пакетін тапсыру және ЕТҚТ талаптарына сәйкес келу бағдарламаға қабылдануға кепілдік бермейді.

3.4. Қабылдау шарттары мен тәртібі

3.4.1. Оқуға түсу кезінде талапкерлерді қарау процесі мынадай кезеңдерден тұрады:

1) Бірінші кезең – Студенттерді оқуға қабылдау офисі барлық талапкерлердің құжаттар пакетін олардың жеке кабинеттерінде тексеріп, олардың бағдарламаларға арналған ЕТҚТ талаптарына сәйкестігін бағалайды. Талапкерлер келесі іріктеу кезеңіне өтпес бұрын Студенттерді оқуға қабылдау офисі олардың ЕТҚТ-ға сәйкестігіне қатысты мәртебесі туралы ақпаратты (кестені) МНҚК-ға ұсынады. 2) Екінші кезең – МНҚК мүшелері ЕТҚТ талаптарына сәйкес келетін талапкерлердің құжаттар пакетін МНҚК әзірлеген әдістемеге (іріктеу критерийлеріне) сәйкес бағалайды. Келесі кезеңге өткен барлық талапкерлер МНҚК мүшелерімен жеке форматта немесе бейнеконференция арқылы сұхбаттасады.

3) Үшінші кезең – МНҚК талапкерлердің рейтингін құрып, оларды шартты немесе шартсыз негізде бағдарламаға қабылдауға ұсынады. Егер гранттық/демеушілік (қолданылған жағдайда) орындар болмаса, талапкерлерге ақылы негізде оқу ұсынылады.

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Медицина мектебінің «Мейірбике ісі саласындағы ғылым магистрі» бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері



МНҚК өз қалауы бойынша қабылдау процесі аясында қосымша талаптар белгілеуге құқылы.

3.4.2. Оқуға қабылдауға ұсынылған, күту парағына енгізілген немесе қабылдаудан бас тарту алған талапкерлер тек Студенттерді оқуға қабылдау офисі арқылы хабарландырылады. 3.4.3. Толық емес өтінімдер екінші және үшінші кезеңдерге тек МНҚК шешімі бойынша ғана өте алады, басқа жағдайда олар МНҚК тарапынан бас тартуға жатады. Қабылдамау себептері отырыс хаттамасында жазылуы тиіс.

3.4.4. Оқуға қабылдауға ұсынылған және қабылдау туралы хабарлама алған талапкерлер (қаржыландыру түріне қарамастан) «Оқуға қабылдауды растау» нысанын толтыру арқылы қабылдау туралы ұсыныс хатта көрсетілген мерзімдерде қабылдау туралы ұсынысты қабылдайтыны немесе бас тартатыны туралы Университетті ресми түрде хабардар етуі тиіс. Оқуға қабылдау туралы ұсыныс қабылданған жағдайда талапкерлер ЕТҚТ-да көрсетілген құжаттардың электрондық/сканерленген көшірмелерін ұсынулары тиіс. Әйтпесе, бағдарламаға қабылдау мүмкін болмайды.

3.4.5. Оқуға қабылдауға ұсынылған талапкерлер өздерінің жоғары білімі туралы дипломының қорытынды транскриптін мынадай тәсілдердің бірімен растауы тиіс:

1) алдыңғы оқу орны Студенттерді оқуға қабылдау офисіне тікелей пошта арқылы жіберген ресми қағаз данасы;

2) алдыңғы оқу орнының корпоративтік электрондық поштасынан Студенттерді оқуға қабылдау офисінің электрондық мекенжайына тікелей жіберілген ресми электрондық көшірме;

3) Студенттерді оқуға қабылдау офисіне ұсынылған немесе құжаттарды растаудың ресми цифрлық сервистері арқылы тексерілген ресми қорытынды транскрипт;

4) талапкер Студенттерді оқуға қабылдау офисіне ресми қорытынды транскрипттің қағаз данасын ұсынады. Түпнұсқа Студенттерді оқуға қабылдау офисі тексергеннен кейін талапкерге/студентке қайтарылады.

Университет түлектерінің дипломдары мен транскрипттері Университет жүйесі арқылы тексерілуі тиіс.

3.4.6. Егер осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.4.5-тармағында көрсетілген талаптарды орындау мүмкін болмаса, мынадай баламалы нұсқалар қаралуы мүмкін:

1) Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары берген дипломды нострификациялау туралы куәліктің сканерленген көшірмесін ұсыну;

2) шетелдік оқу орнының апостилі қойылған құжаттың сканерленген көшірмесін ұсыну;

3) диплом мен транскрипттің нотариалды куәландырылған сканерленген көшірмесін ұсыну.

3.4.7. Оқуға қабылдау туралы ұсыныстан бас тартқан немесе оның талаптарын орындамаған үміткерлер құжат тапсырған оқу жылында бағдарламаға қабылданбайды.



3.4.8. МНҚК Бағдарламаға арналған ЕТҚТ талаптарына толық сәйкес келген, осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.4.1-тармағына сәйкес конкурстық кезеңдерден өткен, бірақ қолжетімді орындар санының шектеулі болуына байланысты Бағдарламаға қабылданбаған талапкерлерді күту парағына енгізеді. Күту парағындағы талапкерлердің реті олардың қорытынды рейтингіне сәйкес келуі тиіс. Оқуға қабылдау жылының Академиялық күнтізбесіне сәйкес сабақтың бірінші күніне дейін бағдарламада орын босатылған жағдайда, Студенттерді оқуға қабылдау офисі оқуға қабылдау туралы хабарламаны жіберу арқылы оны күту парағындағы талапкерлерге олардың рейтингі тәртібімен ұсынады.

3.4.9. Бағдарламаға қабылдау Университет Провостының шешімімен бөлінген қаржыландыру көзіне арналған бекітілген квоталар мен талапкерлердің бағдарлау аптасына қатысуын растайтын Мектептің қызметтік жазбалары негізінде рәсімделеді.

3.4.10. Қабылдау туралы шешімде әрбір қабылданған талапкердің қаржыландыру көзі туралы ақпарат болуы тиіс.

3.4.11. Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру тапсырысы және/немесе «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша бұрын магистр дәрежесін алған талапкерлер мемлекеттік білім беру тапсырысы немесе басқа грант түрлері бойынша бағдарламаға түсуге құқығы жоқ. Егер бұл факт қабылдау процесінің кез келген кезеңінде анықталса, Студенттерді оқуға қабылдау офисі оқуға қабылдау туралы ұсынысты жоюға құқылы. Мұндай талапкер қабылданған жағдайда, ол бағдарламадан шығарылуға жатады.

3.4.12. Қабылданған студенттердің саны тиісті академиялық жылға бекітілген квоталар аясында бағдарламаға бөлінген орындар санынан аспауы тиіс.

3.4.13. Шартты түрде қабылдау мынадай жағдайларда қолданылуы мүмкін:

1) Мейірбике ісі саласындағы академиялық бакалавриат бағдарламасы (немесе баламасы) бойынша оқудың соңғы жылында оқитын және оқуға қабылдауға ұсынылған талапкерлер оқу бағдарламасының аяқталғанын және қорытынды транскрипт және/немесе дипломның ресми түрде берілу күнін растайтын құжатты (талапкердің оқу орнынан ресми хат немесе хабарлама) ұсынған жағдайда шартты түрде қабылдануы мүмкін. Мұндай жағдайларда оқуға қабылдау туралы шешімде талапкердің қажетті құжаттарды Университетке ұсынуы тиіс мерзім көрсетілуі қажет.

2) «Мейірбике ісі саласындағы ғылым бакалавры (BSN)» немесе «Мейірбике ісі бакалавры» бағдарламалары бойынша оқитын және оқудың соңғы семестріндегі Университет студенттері бағдарлама талаптарына сәйкестігін және оқу бітіруге дайындығын растайтын Мектептің қызметтік жазбасы негізінде дипломсыз және/немесе ресми қорытынды транскриптсіз бағдарламаға шартты түрде қабылдау үшін қарастырылуы мүмкін. Бұл талапкерлер қабылданған жылғы бағдарламаның Академиялық күнтізбесіне сәйкес бірінші күзгі семестрдің соңына дейін қорытынды транскрипт пен дипломды тапсыру шартымен қабылдануы мүмкін.

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Медицина мектебінің «Мейірбике ісі саласындағы ғылым магистрі» бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері



3.4.14. Осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.4.13-тармағында көрсетілген шартты түрде қабылдау жағдайында бұл факт отырыс хаттамасында тіркелуі тиіс. Отырыс хаттамасында мынадай мәліметтер көрсетілуі қажет:

- 1) шартты түрде қабылдауды ұсыну себептері;
- 2) шартты түрде қабылдау талаптарын орындау мерзімі, ол қабылдау күнінен бастап бір жылдан аспауы тиіс.

3.4.15. Талапкер қажетті құжаттарды Студенттерді оқуға қабылдау офисіне белгіленген мерзімде электрондық пошта арқылы жібере отырып, барлық шарттарды орындауға міндетті. Бұл құжаттар жеке кабинетке жүктелуі қажет. Барлық қажетті кезеңдер аяқталғаннан кейін талапкер/студент сөзсіз қабылданған болып есептеледі.

3.4.16. Шартты түрде қабылдау талаптары орындалмаған жағдайда, студент бағдарламадан шығарылады (оқуға қабылданған жағдайда).

3.4.17. Мектеп пен Студенттерді оқуға қабылдау офисі қабылдау талаптарының орындалуы немесе орындалмауы туралы бірін-бірі хабардар етуге міндетті.

3.4.18. Кейінге қалдырылған қабылдау МНҚК шешімімен және Мектеп декандарының немесе олардың уәкілетті өкілдерінің мақұлдауымен Провосттың оқуға қабылдау туралы шешімі қабылдағанға дейін 1 (бір) академиялық жылға берілуі мүмкін. Кейінге қалдырылған қабылдау шартты түрде қабылдау ұсынылған талапкерлерге берілмейді.

3.4.19. Кейінге қалдырылған қабылдауға жататын талапкер өткен жылы берілген өтініштің негізінде келесі жылы қабылдауға қарастырылады, алайда бұрын берілген қаржыландыру (егер болған жағдайда) сақталмайды. 3.4.20. Талапкерлерге Университеттің білім беру гранттарын, стипендияларды беру және ақылы негізде қабылдау Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

3.4.21. Бағдарламаларға қатысуға өтініш беру барысында талапкерлер ұсынған немесе олардың мүддесі үшін ұсынылған барлық құжаттар мен басқа да материалдар Университеттің иелігінде болады және Университеттің құпиялылыққа қатысты ішкі құжаттарымен реттелуге жатады.

3.4.22. Талапкерлерді іріктеу процесіне қатысты барлық ақпарат құпия болып табылады.

3.4.23. Осы Қағидалар мен рәсімдермен реттелмеген мәселелерді МНҚК Студенттерді оқуға қабылдау офисімен бірлесе отырып, өз бетінше шешеді және мұндай шешімдер тиісті отырыс хаттамасында бекітілуі тиіс.

3.4.24. Бағдарламаны ашу үшін талапкерлердің ең аз саны жиналуы тиіс. Бұл сан Университеттің ішкі құжаттарында бекітіледі және жүйелі түрде жаңартылып отырады.

4-бөлім. Босату

4.1. Тек қана Бекітуші орган осы Қағидалар мен рәсімдердің белгілі бір ережесінен босатуды ұсынуға құқылы, бұл ретте ол Университеттің Академиялық кеңесі мен Басқарушы кеңесі тарапынан дәйекті түрде

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Медицина мектебінің «Мейірбике ісі саласындағы ғылым магистрі» бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері



мақұлдануы тиіс және академиялық күнтізбенің мерзімдерін бұзбауы керек. Босату тек белгілі бір кезеңге және «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының ішкі құжаттарында айқындалған ерекше жағдайларда ғана берілуі мүмкін.

5-бөлім. Уақытша ережелер

5.1. Қолданылмайды.

6-бөлім. Қайта қарау

6.1. Бағдарламаға қатысты осы Қағидалар мен рәсімдер бекітілгеннен және оқуға қабылдау аяқталғаннан кейін бір жыл ішінде қаралуы, ал қажет болған жағдайда қайта қаралуы тиіс.

7-бөлім. Өзара байланысты құжаттар

7.1. «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

7.2. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Жарғысы.

7.3. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымында негізгі қызмет және білім алушылардың жеке құрамы бойынша жекелеген ішкі өкімдік құжаттарды дайындау қағидалары.

7.4. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымында негізгі қызмет және білім алушылардың жеке құрамы бойынша жекелеген ішкі өкімдік құжаттарды дайындау рәсімі.

7.5. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымында құпия мәліметтерді қамтитын құжаттар мен ақпаратты басқару регламенті.

7.6. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының магистратура және докторантура бағдарламаларына арналған академиялық қағидалар мен рәсімдер.

7.7. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының бұрынғы білім алушыларын қайта қабылдау жөніндегі қағидалар мен рәсімдер.

7.8. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымында білім беру гранттарын беру, одан айыру немесе қайта бөлу қағидалары.



«Назарбаев Университеті» дербес
білім беру ұйымы Медицина
мектебінің «Мейірбике ісі
саласындағы ғылым магистрі»
бағдарламасы бойынша оқуға
қабылдау қағидалары мен рәсімдеріне
1-қосымша

Қажетті құжаттардың тізімі

А. Қазақстан Республикасының азаматтары және қазақ немесе орыс тілдерін меңгерген талапкерлер

1. Толтырылған өтінім нысаны
2. Қазақстан Республикасы азаматының қолданыстағы жеке куәлігінің скан-көшірмесі немесе шетелдік талапкерлер үшін жарамды паспорттың скан-көшірмесі.
3. Атын өзгерткенін растайтын ресми құжаттың скан-көшірмесі (қолданылатын жағдайда). Бұл құжат қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде болуы мүмкін.
4. Мейірбике ісі саласындағы бакалавр дәрежесін (немесе баламасын) алғанын растайтын ресми диплом мен транскрипт. Соңғы курс студенттері қарау үшін жарамды транскриптті ұсына алады.
5. Қазақстанда немесе тұрғылықты елінде мейірбикелік қызметті жүзеге асыру құқығын растайтын құжат (мысалы, мейірбике ісі бойынша маман сертификаты немесе мейірбикелік практикамен айналысуға жарамды лицензия). Бұл құжат қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде ұсынылуы мүмкін. Бұл талап «Медицина докторы» (немесе баламасы) бағдарламасын аяқтаған Қазақстан азаматтарына қолданылмайды.
6. «Медицина докторы» (немесе баламасы) медициналық бағдарламасын аяқтаған талапкерлерден кез келген мейірбике ісі саласында (мысалы, мейірбике ісі бағдарламасында оқытушы ретінде немесе ауруханада мейірбике/мейіргер ретінде) кемінде 1 (бір) жыл жұмыс істегенін ресми түрде растау талап етіледі.
7. Болжамды практика саласындағы ықтимал зерттеу мәселесін қоса алғанда, бағдарлама бойынша магистратурада оқу мақсаттары туралы жеке өтініш. Құжат қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде ұсынылуы мүмкін.
8. Қазақ, орыс немесе ағылшын тіліндегі екі ресми ұсыным хат. Оның біреуін талапкердің жұмыс берушісі беруі тиіс.
9. 075у медициналық анықтамасы (Қазақстан азаматтары үшін) немесе жалпы денсаулық жағдайы көрсетілген баламалы медициналық анықтама (шетелдік талапкерлер үшін). Бұл құжат қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде болуы мүмкін.
10. Соттылығының бар немесе жоқ екендігін растайтын құжат. Бұл құжат қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде болуы мүмкін.

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Медицина мектебінің «Мейірбике ісі саласындағы ғылым магистрі» бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері



11. Талапкердің/студенттің жеке деректерін өңдеуге келісімі.

В. Қазақ немесе орыс тілін білмейтін шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар

Толтырылған өтінім нысаны

1. Қолданыстағы паспорттың скан-көшірмесі.
2. Атын өзгерткенін растайтын ресми құжаттың скан-көшірмесі (қолданылатын жағдайда).
3. Мейірбике ісі саласындағы бакалавр дәрежесін (немесе баламасын) алғанын растайтын ресми диплом мен транскрипт. Соңғы курс студенттері қарару үшін жарамды транскриптті ұсына алады.
4. IELTS немесе TOEFL тестілеу сертификаттары (егер босату берілмесе, скан-көшірмесін немесе электрондық көшірмесін беру міндеттемесімен тест әкімшісінен алынған электронды нұсқасы). Егер тестілеу әкімшісі арқылы IELTS немесе TOEFL нәтижелерін ұсыну мүмкін болмаса, Студенттерді оқуға қабылдау офисі таныған сервистерден алынған цифрлық есептік деректер арқылы верификациялау жүргізілуі мүмкін.
5. Оқыту тілі туралы ресми растау (қолданылатын жағдайда).
6. Тұрғылықты елінде мейірбикелік қызметті жүзеге асыру құқығын растайтын құжат (мысалы, мейірбике ісі бойынша маман сертификаты немесе мейірбикелік практикамен айналысуға жарамды лицензия).
7. Болжамды практика саласындағы ықтимал зерттеу мәселесін қоса алғанда, ағылшын тіліндегі бағдарлама бойынша магистратурада оқу мақсаттары туралы жеке өтініш.
8. Ағылшын тіліндегі екі ресми ұсыным хат.
9. Жалпы денсаулық жағдайын көрсететін медициналық анықтама.
10. Соттылығының бар немесе жоқ екендігі туралы құжат.
11. Талапкердің/студенттің жеке деректерін өңдеуге келісімі.